

Науырзым ауданында 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 87 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 мамырда № 6333 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 шілдедегі № 165 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 27.07.2016 № 165 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Науырзым ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Даиров

Әкімдіктің
2016 жылғы 12 сәуірдегі
№ 87 қаулысына 1-қосымша

Науырзым ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

--	--	--	--	--

1	"Бөбекжай-бақша" " Балдырған" мемлекеттік коммунал-дық қазыналық кәсіпорны Қараменді ауылы	95		20032		5000	6000		
2	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Айгөлек" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммунал-дық қазыналық кәсіпорны Дәмді ауылы	25		20032		4000	4000		
3	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Нұрбөбек" Бөбекжай- бақшасы " мемлекеттік коммунал-дық қазыналық кәсіпорны Буревестник ауылы	45		20032		4000	4000		
4	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Балдәурен" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммунал-дық қазыналық кәсіпорны Өлеңді ауылы	25		20032		4000	4000		
5	"Науырзым ауданы әкімдігінің " Қызғалдақ" бөбекжай- бақшасы " мемлекеттік коммунал-дық қазыналық кәсіпорны Шилі ауылы	25		20032		4000	4000		